



"Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы бас келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 қаңтар N 15

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы бас келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының
Заңы

Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы бас келісімді бекіту туралы

1999 жылғы 22 шілдеде Киев қаласында жасалған Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы бас келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мұнай мен газ
тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың
институционалдық негіздері туралы
бас келісім

(Ресми емес аударма)

Осы Келісімнің қатысушы мемлекеттері (бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын):

мұнай және газды дүниежүзілік рыноктарға тасымалдаудың қауіпсіз бағыттары Тараптардың одан әрі гүлденуі мен энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын мойындай отырып;

басқа да мүдделі мемлекеттер, сондай-ақ көмірсутекті ресурстарды пайдалануды инвестициялайтын жергілікті және шетелдік компаниялармен ынтымақтастықта мұнайдың және табиғи газдың және (немесе) оларды өңдеу өнімдерін тасымалдаудың транзиті жөніндегі шешімдер қабылдау кезінде барлық құқықтық, техникалық, коммерциялық, экологиялық және қаржылық факторларға назар аудару қажет екенін т ү й с і н е о т ы р ы п ;

ЕҚ елдерінде қолданылатын ережелер мен нормалар сияқты мұнай және газ секторларындағы нарықтық экономика ережелерін сақтай отырып және мұнай мен газды тасымалдау қызметін реттейтін халықаралық ережелер мен практиканы дамытуға өз үлесін қосуға тілек білдіре отырып;

инвестициялық және транзиттік тәуекелді азайтуда мемлекеттердің маңызды рөл атқаратынын т ү й с і н е о т ы р ы п ;

халықаралық экономикалық құқықтың халықаралық тәжірибеде қабылданған стандарттары мен нормаларына сәйкес шетелдік инвестициялар мен инвесторларды қорғау, оларға жәрдемдесу және олармен жұмыс істеу мұнай мен газды тасымалдау секторын дамыту жөніндегі тиісті шаралар болып табылатындығына иек арта отырып;

халықаралық мұнай және газ өнеркәсібінде қолданылатын нормалар мен тәжірибелерге сәйкес мемлекетаралық мұнай мен газды тасымалдау жүйелерінің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін бірыңғай ережелер мен тетіктерді белгілеуге ниет білдіре отырып;

өздері қол қойған Энергетикалық Хартия туралы Шартта жарияланған принциптерді назарға ала отырып;
мыналар туралы келісті:

Анықтамалар мен тақырыпшалар

1. Осы келісімдегі терминдердің мәндері:

I. Құрылыс - мұнай және газ тасымалдайтын жаңа жүйелерін немесе

осындай жүйенің кез келген жаңа учаскесін салу.

II. осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағында сипатталған Төтенше комитет - табиғат апаты, жер сілкінісі, радиоактивті немесе химиялық улану, азаматтық тәртіпсіздіктер, террорлық немесе астыртын әрекеттер, қылмысты түрде нұқсан келтіру және осы сияқты өзге де оқиғалар орын алған жағдайда осы Келісімге сәйкес құрылған мемлекетаралық мұнай және газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесі объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау үшін әрбір Қатысушы Тараптың үкіметтері өз аумақтары шектерінде жасалатын барлық қадамдарды, шараларды және бірлескен әрекеттерді үйлестіруге өкілдік берілген барлық мүдделі Тараптардың өкілетті өкілдерінен құралған комитет.

III. Жобаны жүзеге асырудың бірлескен нысаны - осы Келісімнің 7-бабында баяндалғандай, екі және одан да көп жекелеген функцияларды бір заңды тұлғаның немесе заңды тұлғалар тобының орындауын көздейтін мемлекетаралық мұнай және газ тасымалдау жүйесін құру үшін Қатысушы Тараптар таңдап алған ынтымақтастық нысаны немесе басқа да кез келген бірлескен нысан.

IV. Мемлекетаралық комитет, осы Келісімнің 8-бабының 3-тармағында сипатталған термин - барлық Қатысушы Тараптардың өкілетті өкілдерінен құрылған, сол Тараптардың атынан және мүдделері жолында олардың мұнай мен газды тасымалдаудың бір немесе одан көп жүйесін құру жөніндегі шешімдерді орындауын бақылау үшін өкілеттіктер берілген комитет.

V. Мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесі - бірден астам мемлекеттің аумағын кесіп өтетін мұнай немесе табиғи газ және (немесе) оларды өңдеу өнімдерін тасымалдау жүйесі.

VI. Техникалық қызмет көрсету - тиісті техникалық және экологиялық стандарттар мен қауіпсіздік нормаларына сәйкес осы жүйе арналған мақсатпен мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін немесе сол жүйенің кез келген учаскесін немесе объектісін тиісті жұмыс жағдайында ұстау үшін қажетті техникалық шаралар.

VII. Техникалық қызмет көрсетуге жауапты орган - мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесіне немесе оның кез келген учаскесіне техникалық қызмет көрсету функциясын атқару мақсатымен осы Келісімге сәйкес құрылған немесе таңдап алынған заңды тұлға немесе заңды тұлғалар тобы.

VIII. Пайдалану - тиісті ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесінің тұрақты, үздіксіз, тиісінше және тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті барлық қызмет түрлері.

IX. Пайдаланушы орган - мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін пайдалану үшін осы Келісімге сәйкес тағайындалған немесе таңдап алынған заңды тұлға немесе заңды тұлғалар тобы.

Х. Басқа мүдделі заңды тұлғалар, осы Келісімнің 3 және 6 баптарында аталып өтілетін термин - осы Келісімнің 13-бабында сипатталған өкілетті құзыретті органдар.

XI. Қатысушы Тараптар - аумақтары арқылы осы Келісімге сәйкес құрылған мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесі өтетін Тараптар.

XII. Дағды мен дәстүр, кіріспе мен 3-бапта аталып өтілетін терминдер - өнеркәсіптің немесе рыноктың белгілі бір саласы шеңберінде нақты техникалық, коммерциялық және қаржылық қызмет жүргізудің өнеркәсіптің немесе рыноктың сондай саласында жұмыс істейтін мамандары белгілеген және жалпылай қабылдаған н ы с а н д а р ы м е н ә д і с т е р і .

XIII. Жоба - осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесі шеңберінде жоспарланатын немесе қабылданатын нақты қ ы з м е т н е м е с е қ ы з м е т т ү р л е р і .

XIV. Жобаны басқару - мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін сауықтыру немесе салу жөніндегі бүкіл жобаны жүзеге асыру үшін қажет, инженерлік қызмет көрсетумен, жабдықтаумен, техникалық қадағалаумен және бақылау жасаумен, құрылыс жұмыстарына басшылық етумен және жұмыс кестесіне, сапа мен шығынға қойылатын талаптарға сәйкес мұндай жобаға мердігерлік берумен байланысты іс-қимылдарды қадағалауды және үйлестіруді жүзеге асыратын жауапты көпбейінді топ ж ұ м ы с ы н ж ұ м ы л д ы р у .

XV. Жобаны басқару жөніндегі орган - жобаны басқару функциясын орындау үшін осы Келісімге сәйкес тағайындалған немесе іріктелген заңды тұлға немесе заңды т ұ л ғ а л а р т о б ы .

XVI. Жобаны басқару жөніндегі орган және Пайдаланушы орган - осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағына сәйкес жобаны басқару (жоба аяқталғанға дейін) және жобаны пайдалану (ол аяқталғаннан кейін) жөніндегі екіұдай функция бір заңды тұлғаға немесе заңды тұлғалар тобына тапсырылмаған болса, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес қағидатында жобаның түрлі екі ширегінде - жүзеге асыру мен пайдалануға қатысатын түрлі екі орган болып табылуы мүмкін.

XVII. Хаттама немесе Хаттамалар - осы Келісіммен белгіленген негізгі қағидаттарға , ережелерге және рәсімдерге сәйкес осы Келісім шеңберінде және оны жүзеге асыру барысында екі немесе одан көп Тараптар арасында жасалған және кейін оған тіркелген кез келген кейінгі келісім немесе келісімдер.

XVIII. Сауықтыру - мұнай мен газды тасымалдаудың қолда бар кез келген мемлекетаралық жүйесін немесе сондай жүйенің кез келген учаскесін қалпына келтіру, қайта жаңғырту, жөндеу, ұлғайту немесе жетілдіру.

XIX. Шекті Келісім - оның жүзеге асуы үшін, сондай-ақ осы Келісіммен белгіленген институционалдық негіздер шеңберінде жұмыс істейтін кез келген үшінші тараптарды қорғау үшін негізгі қағидаттарға, ережелер мен рәсімдерге қатысты қажетті құрылымды белгілейтін осы Келісім.

2. Осы Келісімдегі тақырыпшалар сілтемелер жасауды жеңілдетуге арналған және осы Келісім ережелеріне түсінік берілуіне ықпал етпейді.

1 - б а п Ж а л п ы м і н д е т т е м е л е р

Тараптар мұнай мен газды тасымалдаудың жұмыс істеп тұрған жүйелерін сауықтыру, қажет жерлерде мұнай мен газды тасымалдаудың жаңа мемлекетаралық жүйелерін салу, сондай-ақ сол жүйелерді пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсету жолымен мұнай мен газды тасымалдаудың бір немесе одан да көп мемлекетаралық жүйелерін өзара қолайлы шарттар негізінде құру мақсатында ы н т ы м а қ т а с а т ы н б о л а д ы .

2 - б а п Қ о л д а н у с а л а с ы

1. 1-бапты жүзеге асыру үшін Тараптар жұмыс істеп тұрған немесе салынып жатқан , өз аумағы арқылы өтетін осы Келісімге сәйкес құрылатын, қызмет көрсетілетін және пайдаланылатын мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйелерінің қандай учаскелерін мұнай мен газды тасымалдаудың бір немесе одан көп мемлекетаралық жүйелеріне біріктіргісі келетінін, сондай-ақ жоғарыда аталған мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйелерінің құрамдас бөліктері ретінде өз аумағында қандай жаңа учаскелер салуға, қызмет көрсетуге және пайдалануға келісетінін жеке Хаттамада белгілеу үшін басқа Тараптармен екі жақты және (немесе) көпжақты келіссөздер жүргізуге немесе жүріп жатса әрі жалғастыруға келіседі.

2. Осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай мен газды тасымалдаудың екі және одан көп мемлекетаралық жүйелері арасында жалғастыру буындарын жасауға нұқсан келтірмейтін мұндай көлік жүйелері дербес жобалар деп қаралатын болады, оларды әзірлеу, қаржыландыру, сауықтыру, салу, техникалық қызмет көрсету және пайдалану түрлі техникалық, коммерциялық, қаржы және экологиялық мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Әрбір Тарап екінші Тараптармен мұнай мен газды тасымалдаудың бірден көп мемлекетаралық жүйесін жасау туралы келісе алады.

3 - б а п П а й д а л а н у

1. 7-баптың 2-тармағына нұқсан келтірмейтіндей және осы Келісімге сәйкес құрылған мұнай мен газды тасымалдаудың кез келген мемлекетаралық жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережені көздеу қажет екеніне назар аудара

отырып, кез келген мұндай жүйені пайдалану, тараптардың келісімі бойынша, келіссөз жолымен талқыланатын және Қатысушы Тараптармен және, егер бұл орынды болса, басқа да мүдделі заңды тұлғалармен келісілетін қағидаттарға, нормалар мен рәсімдерге сәйкес құрылатын немесе сайланатын ортақ Пайдаланушы органға тапсырылуы мүмкін.

2. Пайдаланушы орган Қатысушы Тараптармен және, егер орынды болса, соған сәйкес пайдаланылуға тиісті қағидаттары мен нормаларын белгілейтін басқа да мүдделі заңды тұлғалармен осы Тараптар жасаған мемлекетаралық мұнай және газ тасымалдау жүйесін пайдалану туралы ортақ Келісім жасай алады.

3. 7-бапқа нұқсан келтірілмейтіндей және осы Келісімге қоса тіркелген кейінгі Хаттамада басқадай көзделмеген болса, Пайдаланушы орган, нақты келісімге сәйкес осындай көлік қызметтеріне құқығы бар мұнай мен газды жеткізушілерге және (немесе) сатып алушыларға және кез келген басқа да заңды тұлғаларға мұнай және газ өнеркәсібінің халықаралық стандарттарын сақтай отырып мұнай және газ тасымалы туралы келісімдерге сәйкес ерекше көлік қызметін көрсете алады.

4 - б а п

Сауықтыру және құрылыс салу

1. Егер осы Келісімде басқаша тікелей көзделмеген болса, әрбір қатысушы Тарап мұнай мен газды тасымалдаудың екі немесе одан көп мемлекетаралық жүйесін құруға қатысты бір немесе бірнеше Тараптардың шешімін іске асыру кезінде мұнай мен газды тасымалдаудың өз аумағын кесіп өтетін қолда бар мемлекетаралық жүйесін сауықтыру және осы Тараптың аумағында қолданылатын ұлттық заңдарға, ережелерге және нормативтік кесімдерге сәйкес оның аумағын кесіп өтетін қандай да болсын мұнай мен газды тасымалдаудың жаңа мемлекетаралық жүйесін салу құқығын өзінде сақтайды.

2. 1-тармақ ережелері Тараптарды өзге қатысушы Тараптармен мұнай мен газды тасымалдаудың олардың аумағын кесіп өтетін мемлекетаралық жүйесі учаскелерін сауықтыру және салу туралы басқа да келісім жасасу құқығынан айырмайды. Осы мақсатпен екі немесе одан көп Тараптар өз аумағы шегінде орналасқан объектілерді жобалау, сауықтыру және салу жұмыстарын жүргізуді заңды тұлғаға немесе қатысушы Тараптардың бірлескен шешіміне сәйкес құрылған немесе тандап алынған заңды тұлғалар тобына тапсыруға шешім қабылдай алады.

3. 1 және 2-тармақтарға сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың бір және одан көп мемлекетаралық жүйелерінің мемлекетішілік учаскелерін сауықтыру мен салуға келісімшарт жасасу кезінде мұнай мен газды тасымалдаудың бір және одан көп мемлекетаралық жүйелерінің техникалық біртектілігін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында ондай қатысушы Тараптар олармен келісілген мұнай және газ өнеркәсібінде халықаралық көлемде танылған деп табылатын техникалық

ерекшеліктерді

қолдануға

келіседі.

5 - б а п

Техникалық қызмет көрсету

1. 4-бап ережелері мұнай және газ тасымалдаудың бір немесе одан көп мемлекетаралық жүйелерінің осы Келісімге сәйкес сауықтырылған немесе жаңадан салынған учаскелеріне техникалық қызмет көрсетілуге бірдей дәрежеде таратылады.

2. 3-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес, ортақ пайдаланушы орган осы Келісімге сәйкес құрылған мұнай және газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін пайдаланған жағдайда және мұндай жүйеге техникалық қызмет көрсету заңды тұлғаға немесе 3-бапта көзделгендей, ортақ пайдаланушы органның құрамына кірмейтін заңды тұлғалар тобына тапсырылған болса, заңды тұлға немесе мұндай көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетілуі үшін жауапты заңды тұлғалар тобы осы бап негізінде жасалатын Техникалық қызмет көрсету туралы келісімде және 3-баптың 2-тармағында көзделген Бірлесіп пайдалану туралы келісімде тікелей белгіленуге тиіс екеніндей, ортақ Пайдалану органының бақылауымен және қадағалауымен жұмыс істейді.

6 - б а п

Жобаны басқару

1. Осы Келісімге сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін жасау туралы олардың шешімдерін орындау кезінде Қатысушы Тараптар және, егер бұл орынды болса, басқа да мүдделі заңды тұлғалар жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу, осындай мұнай және газ тасымалдау жүйесін сауықтыру мен салуды жобалау және қадағалау үшін толық жауапкершілікті қатысушы Тараптар және, егер орынды болса, басқа да мүдделі заңды тараптар келіссөз жолымен талқылайтын және келісетін өзара жарамды қағидаттарға, нормалар мен рәсімдерге сәйкес Қатысушы Тараптар және, егер орынды болса, басқа да мүдделі заңды тараптар құратын немесе таңдайтын жобаны басқару жөніндегі ортақ органға жүктей алады.

2. 7-баптың 2-тармағы ережелеріне нұқсан келтірмей Қатысушы Тараптардың және, егер орынды болса, басқа да мүдделі заңды тараптардың жобаны басқару жөніндегі органның функцияларын 3-баптың 1-тармағында көзделген ортақ пайдаланушы органға беруіне ешнәрсе бөгет болмайды.

7 - б а п

Жобаны жүзеге асырудың бірлескен нысандары

Осы Келісімге сәйкес қандай да болсын жеке мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін жасауға қойылатын нақты техникалық, коммерциялық және қаржы талаптарын ескере отырып, Қатысушы Тараптар 3-6 баптарда жеке ескерілген екі және одан көп функцияларды заңды тұлғаға немесе Қатысушы Тараптар құрған немесе таңдап алған заңды тұлғалар тобына беру туралы келісе алады, олар:

а) 5-баптың 1-тармағымен тіркестегі 4-баптың 2-тармағында сауықтыру (салу) және техникалық қызмет көрсету функциялары бойынша;

б) 5-баптың 2-тармағымен тіркестегі 3-баптың 1-тармағында техникалық қызмет көрсету және пайдалану функциялары бойынша;

в) 6-баптың 2-тармағында жобаны басқару мен пайдалану функциялары бойынша;

г) 5-баптың 2-тармағымен тіркестегі 6-баптың 2-тармағында жобаны басқару, пайдалану және техникалық қызмет көрсету функциялары бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі сипатталған.

2. Тараптар осы Келісімге сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың бір немесе одан көп мемлекетаралық жүйелерін жасау туралы олардың шешімдерін іске асыру мақсатында жобаны жүзеге асырудың, оның ішінде бірлесіп пайдаланудың кез келген басқа бірлескен нысанын бекіте алады.

8 - б а п

Тараптардың ерекше заңдық иелігіне жатқызылатын мәселелер

1. Осы Келісімге сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың бір және одан көп мемлекетаралық жүйелерін жасау туралы шешімді іске асыру барысында Қатысушы Тараптар жеке хаттама жасау жолымен әрбір Қатысушы Тараптардың ерекше заңдық иелігін өз аумағында, сондай-ақ олардың аумағында іс-қимыл жасайтын жеке және заңды тұлғаларға, әлеуметтік қорғауды, еңбек заңын, құрылыс жөніндегі нұсқаулықты, лицензиялау рәсімдерін, қауіпсіздік және денсаулық сақтау шараларын, қазыналық және кедендік мәселелерді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін, осы Келісімге сәйкес жасалған мемлекетаралық мұнай және газ тасымалдау жүйелерінің мемлекетішілік учаскелерін жобалауға, қаржыландыруға, сауықтыруға, салуға, техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға байланысты мәселелер жөніндегі қолдануға қатысты мәселелерді реттейтін ережелерді белгілейді.

2. Егер осы Келісімде немесе оған қосымша тіркелген кейінгі Хаттамаларда басқаша тікелей көзделмеген болса, бірде-бір Тарап осы Келісімді және кейін оған қосымша тіркелген Хаттамаларды іске асыру мақсатымен өзінің ұлттық заңын осы Келісім мен кейін оған қосымша тіркелген Хаттамалар күшіне енгеннен кейін осы Келісімге және кейін оған қосымша тіркелетін Хаттамаларға сәйкес жасалған мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін жобалауға, сауықтыру, салу,

техникалық қызмет көрсету және пайдалану жағдайларын мұндай заң нашарлататындай шамада өзгертпейтін болады.

3. Тараптар осы Келісімге кейін қосымша тіркелген Хаттама көмегімен өкілетті Мемлекетаралық комитет құру мақсатында ынтымақтасады, ол Қатысушы Тараптардың атынан және олардың мүдделері жолында өздерінің осы Келісімге сәйкес мұнай мен газды тасымалдаудың бір және одан көп мемлекетаралық жүйелерін жасау туралы шешімінің орындалуына бақылау жасайтын болады.

4. Тараптар осы Келісімге кейін қосымша тіркелетін Хаттама көмегімен осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай мен газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды табиғат апаты, жер сілкінісі, радиоактивті немесе химиялық улану, азаматтық тәртіпсіздіктер, террорлық немесе астыртын әрекеттер, қылмысты түрде нұқсан келтіру сияқты және басқа да осындай оқиғалардан қорғау үшін әрбір мүдделі Тараптың үкіметтері өз аумағы шегінде жасайтын барлық қадамдарды, шараларды және бірлескен әрекеттерді үйлестіретін өкілетті Төтенше комитет құру мақсатында ынтымақтасады. Мұндай оқиғаларды, сондай-ақ Төтенше комитеттің функциялары мен өкілеттіктерін мүдделі Тараптар осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай және газ тасымалдаудың әрбір жеке мемлекетаралық жүйесі үшін белгілейтін болады.

5. Осы Келісімге кейін қосымша тіркелетін Хаттамалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Хаттамаларға қол қойған Тараптар үшін ғана күшінде болады.

9 - б а п

Қоршаған ортаны қорғау

Осы Келісімді жүзеге асыру барысында Тараптар БҰҰ-ның климатты өзгерту жөніндегі Шекті Шартының Киот Хаттамасымен және Энергетикалық Хартияның энергия тиімділігі мен тиісті экологиялық аспектілер жөніндегі Хаттамасымен жарияланғандай халықаралық нормаларға сәйкес, жергілікті экологиялық жағдайларды ескере отырып, іс-қимыл жасайтын ортақ институттар құруға және қоршаған ортаны осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай мен газды тасымалдаудың бір және одан көп мемлекетаралық жүйелерін жобалау, сауықтыру, салу, техникалық қызмет көрсету және пайдалану нәтижесінде пайда болған кез келген теріс ықпалдардан қорғауға бағытталған ортақ саясатты жүзеге асыруға бағытталған неғұрлым тығыз үкіметаралық ынтымақтастықты дамытуға келіседі.

10 - б а п

Ұлттық заңдарға енгізу

1. Осы Келісімге қатысушы Тараптар осы Келісім ережелерін өздерінің ұлттық заңдарына қосу мен енгізу үшін қажетті барлық шараларды қолданады.

2. Егер осы Келісімге кейінгі қосымша ретінде жеке Хаттама қабылдануы осы Келісімде көзделген немесе жорамалданған болса, ондай Хаттама немесе Хаттамалар келіссөз жолымен талқыланады және олар Қатысушы Тараптармен осы Келісім шеңберінде әзірленетін кез келген жеке жобаны жүзеге асыруға қойылатын нақты талаптар ескеріле отырып келіседі. Мұндай Хаттаманы немесе Хаттамаларды Қатысушы Тараптардың ұлттық заңдарына қосу мен енгізу олардың Конституциялары мен заңдарының тиісті ережелеріне сәйкес іске асырылады.

3. Тарап осы Келісім және кейін оған қосымша тіркелген Хаттама бойынша өз міндеттемелерін орындамауын ақтау ретінде өзінің ұлттық заңдарының ережелеріне с і л т е м е ж а с а й а л м а й д ы .

1 1 - б а п

Міндеттемелерді орындаудың мемлекеттік және мемлекетаралық кепілдіктері

Әрбір Тарап осы Келісім және кейін оған қосымша тіркелген Хаттамалар бойынша барлық басқа Тараптар жөніндегі, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес жасалған мұнай және газ тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін жобалауға, сауықтыруға, салуға, қаржыландыруға, пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге осы Тараппен келісім-шарт немесе келісім жасасатын кез келген үшінші тарап жөніндегі өз міндеттемелерінің тиісінше және дер кезінде орындалатынына кепілдік береді.

1 2 - б а п

Дауларды реттеу

Осы Келісімді және кейін оған қосымша тіркелген Хаттамаларды түсіндіру мен іске асыруға қатысты Тараптар арасында пайда болатын кез келген даулар, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы Тарап пен кез келген үшінші тарап арасында осы Келісімді және кейін оған қосымша тіркелетін Хаттамаларды жүзеге асыру мақсатында жасалған кез келген келісім-шарт пен келісімді түсіндіру мен іске асыруға қатысты осы Келісімге қатысушы Тарап пен кез келген үшінші тарап арасындағы қандай да болсын даулар осы Келісімге қатысушы Тараптар әзірлейтін бөлек Хаттамада көзделген ережелерге с ә й к е с ш е ш і л у і т и і с .

1 3 - б а п

Өкілетті құзыретті органдар

1. Әрбір Тарап ұлттық органды, агенттікті, мемлекеттік кәсіпорынды немесе ішкі заңдарға және нормативтік кесімдерге сәйкес осы Келісімнің ықпалына түсетін әрбір секторда (мұнай және газ) осы Келісімнің жүзеге асырылуы үшін жауапты болатын кез келген өзге тұлғаны тағайындайды және ол туралы басқа Тараптарды хабардар етеді.

2. Тараптар осы Келісімді және кейін оған қосымша тіркелетін Хаттамаларды орындау мақсатында сол органдар өздеріне қабылдайтын міндеттемелерді өз міндеттемелері ретінде қабылдайды және оларға кепілдік береді.

1 4 - б а п

Басқа халықаралық шарттарға қатынас

1. Осы Келісім ережелері Тараптарды мұнай және газ тасымалдау

секторындағы халықаралық ынтымақтастықтың өзге де нысандарын қолдану құқығынан айырмайды.

2. Осы Келісім ережелерін мұнай және газ тасымалдау саласындағы кез келген күшіндегі басқа халықаралық шарттарды, сондай-ақ Тараптар мен басқа мемлекеттер арасында жасалған қатыспайтын мемлекеттерден шыққан шетелдік инвестицияларды қорғау соларға жәрдемдесу және солармен жұмыс істеу мақсатын ішінара және толық көздейтін басқа да халықаралық шарттарды осы Келісімге қатысушы Тараптар аумағында өзгертетін немесе олардың күшін тоқтататын ережелер деп түсіндіруге болмайды.

15-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім - мерзімсіз болып табылады.

2. Осы Келісім қол қою үшін 1999 жылғы 22 шілдеден бастап 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін ашық. Осы Келісімді оған қол қойған мемлекеттердің парламенттері немесе басқа өкілетті органдары бекітуі тиіс. Бекіту грамоталары Депозитарийге сақтауға өткізіледі. Осы Келісім Депозитарийі болып Украина Үкіметі тағайындалады.

3. Осы Келісім үшінші бекіту грамотасын осы Келісімге қол қойған Мемлекет сақтауға берген күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді. Осы Келісім қосылуға ол қол қою үшін жабылған күннен бастап ашық. Қосылу туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға беріледі. Бекіту грамоталарын немесе қосылу туралы құжаттарды осы Келісім күшіне енгеннен кейін беретін әрбір Тарап үшін бұл Келісім олар Депозитарийге ұсынылғаннан кейін күшіне енеді.

4. Осы Келісім халықаралық құқықтың жалпы қағидаттарымен қоса алғанда халықаралық шарттар құқығы жөніндегі Вена Конвенциясымен реттеледі.

1 6 - б а п Мәтіндердің бірдейлігі

Жоғарыда айтылғандарды қуаттау ретінде төменде қол қойғандар, бұған тиісті дәрежеде өкілетті бола отырып, ағылшын тілінде және әрбір Тараптың мемлекеттік тілінде осы Келісімге қол қойды. Келіспеушіліктер болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады. Осы Келісім депозитарийге сақтауға беріледі және оның мұрағаттарында сақталады. Осы келісімге қол қойған әрбір мемлекет депозитарийден осы Келісімнің шын көшірмесін алады. Осы Келісімнің депозитарийі осы Келісімнің бірдей көшірмесін тең шамада Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына беруге міндетті.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы шілде айының жиырма екінші жұлдызында Киевте жасалды.

Армения Республикасы

Әзірбайжан Республикасы

Беларусь Республикасы

Болгария Республикасы

Грузия

Қазақстан Республикасы

Қырғыз Республикасы

Молдова Республикасы

Румыния

Тәжікстан Республикасы

Түрікменстан Республикасы

Украина

Өзбекстан Республикасы

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы қыркүйек айының он тоғызыншы жұлдызында Бухаресте қол қойылды.

Албания Республикасы

Хорватия Республикасы

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы қазан айының сегізінші жұлдызында Скопьеде қол қойылды.

Македония Республикасы

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы желтоқсан айының отызыншы жұлдызында Киевте қол қойылды.

Белоруссия Республикасы

Мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы шекті келісім жөніндегі Әзірбайжан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а й т қ а н ы

1. Әзірбайжан Республикасы Мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың институционалдық негіздері туралы шекті келісімде келтірілген құқықтардың, міндеттемелер мен ережелердің бірде-біреуі және кейіннен оған тіркелген хаттамалар, егер де Армения Республикасы кіру, транзит аумағы немесе мұндай жүйелерге арналған жер болып табылса, мұнай мен газды тасымалдаудың өз аумағын кесіп өтетін жүйесін құруға, сауықтыруға, құрылысын салуға, техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға қатысты қолданылмайтынын осымен мәлімдейді.

2. Әзірбайжан Республикасы осы қордалаудың 1-тармағының ережесіне кез

келген уақытта өзгеріс енгізу немесе жоққа шығару құқығын өзіне қалдырады және мұндай өзгерістермен жоққа шығару туралы басқа тараптарды

жазбаша нысанда хабардар ететін болады.

Әзірбайжан Республикасының
Премьер-Министрі

Бұл құжат нөмірленген, мөрмен бекітілген 12 беттен тұрады.

Мен бұл Мұнай мен газды тасымалдаудың мемлекетаралық жүйесін құрудың
институционалдық негіздері туралы шекті келісімнің дәл көшірмесі екенін
растаймын.

Шарттық-құқықтық басқарма бастығы

Киев қаласы 08.02.2000 ж.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қобдалиева Н.М.